



Испания

Жоспар.

1. Тарихы.
2. Мемлекеттік құрылымы.
3. Әкімшілік құрылысы.
4. Экономикасы.
5. Денсаулық сақтау ісі.
6. Өнері.
7. Әдебиеті.
8. Халқы мен тілі.
9. Архитектурасы
10. Интернеттік сілтемелер.

ТАРИХЫ



Испания жерінде ежелгі адамдар палеолит дәуірінде-ақ (б.з.б. 10-мыңжылдыққа дейін) тіршілік ете бастаған. Испания жерінде құрылған ең ежелгі мемлекет – Тартесс (б.з.б. 1 мыңжылдықтың бас кезінде болған). Ел территориясына б.з.б. 7 ғасырда финикиялықтар мен гректер келіп қоныстана бастады.

Тарихы

Б.з.б. 5 – 3 ғасырларда Пиреней арқылы кельттер келді. Б.з.б. 3 ғасырдың аяғында Испания жерінің көпшілігі Карфаген мемлекетіне бағынды. Б.з.б. 2 ғасырда Карфагенді Рим империясы ығыстырып, б. з.б. 21 – 19 жылы қазіргі Испания аумағын түгелімен бағындырды. Рим империясы үстемдігі кезінде елде испан-рим ақсүйектері пайда болды. Кейін Испанияға вандалдар, аландар, свевтер басып кіріп, Солтүстік-батыста Свев корольдігі құрылды.


МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМЫ

Испанияның мемлекеттік құрылымы - конституциялық монархия. Мемлекет басшысы — король. Қазіргі кездегі монарх — Филипп VI. Заң қабылдайтын орган — Испанияның генералды кортестері: Депутаттар конгресі мен Сенат. Сенат 259 жергілікті сайланған депутаттан құралған. Депутаттардың қызмет ету мерзімі - 4



ИСПАНИЯ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Испания — Еуропаның Оңтүстік-батысында орналасқан мемлекет. Пиреней түбегінің көп бөлігін және Жерорта теңізіндегі Балеар, Питиус аралдары мен Атлант мұхитындағы Канар аралдарын иеленеді. Жер көлемі 505,9 мың км².



Испанияға, сондай-ақ, Солтүстік Африка жағалауларындағы Сеут және Мелилья қалалары мен оларға жақын жатқан Велесде-ла-Гомера, Алусемас, Чафаринас аралдары да қарайды. Халқы 46,1 млн. (2011). Негізінен, испандар католондар (5 млн-нан астам), галисилер (3 млн.), баскилер (2 млн-нан астам), т.б. Қала халқы 76,79%. Ресми тілі –испан тілі.

Әкімшілік құрылысы



Испанияда 17,1 автономиялық аймақ (*comunidades autónomas*) және 2 автономиялық қала (*ciudades autónomas*) – Кеута және Милилла, бар.

Тағыда Испания 15 провинцияға бөлінеді. Жеті автономиялық аймақ тек қана бір провинцияға кіреді, олар: Астурия (*Asturias*), Балеар аралдары (*Balearic Islands*), Кантабрия (*Cantabria*), Ла Риоха (*La Rioja*), Мадрид (*Madrid*), Мурсия (*Murcia*) және Наварра (*Navarre*).

Провинциялар аудандарға (*comarcas*) бөлінеді. Ал одан әрі, олар микро-аудандарға (*municipio*) айырылады.

ЕҢ ІРІ ҚАЛАЛАР

- Испанияда халқы саны 1 миллионнан асатан 2 қаласы бар олар:
- Мадрид --- 2 232 000
- Барселона --- 1 595 000
- Валенсия --- 797 000



Барселона



Мадрид




Валенсия



ЭКОНОМИКАСЫ

- Өнеркәсіптің көлемі жағынан Испандар Батыс Еуропада 5-орын, дүние жүзі бойынша 8-орын алады. Елде машина, кеме жасау, ұшақ шығару, электртехникасы, химия, тоқыма өндірістері жақсы дамыған. Соңғы жылдары тау-кен өндірісі жыл сайын кеміп, оның орнына электронды жабдықтар өндірісі дамуда. Ел экономикасында мемлекеттік сектордың үлесі – 30%. Ел пайдалы қазбаларға бай, бірақ 100-ден аса қазбалардың тек 16-сы ғана өндіріледі.




ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ІСІ.




Испанияда 1970 жылы әрбір 1000 адамға шаққанда баланың тууы 19,6, адам өлімі 8,5, тірі туған әр бір баладан өлгені 27,9. Адам өмірін ұзақтығы орташа 70 жас. Елде жүрек, қан тамыр аурулары, қатерлі ісік, сусамыр, әсіресе гельминтоз ауруы көп таралған. Дүниежүзінде эхинококкоз ауруының ең көп таралған жері - Испания кейбір аудандарда лептозпироз және алапес те кездеседі. Толық емес мәліметтер бойынша, 1969 жылы Испанияда 156,8 мың төсектік 1648 аурухана болды. 1970 жылы 41,4 мың дәрігер, 3,4 тіс дәрәгері, 16 мың фармацевт және 4,1 мың акушер жұмысқа орнатылды. Дәрігерлерді арнайы университетің медициналық факультеттері дайындайды.

ӨНЕРІ



Испания жеріндегі ең көне ескерткіштер палеолит дәуірінен сақталған. Неолит дәуірінен қыш ыдыстар, иберлерден тас қамалдардың қалдығы мен өрнектелген құмыралар сақталған. Рим империясы үстемдігінен қалған театрлар мен ғибадатханалардың орны кездеседі. Мавритан өнерінің үлгісімен салынған құрылыстар да бар (Кордовадағы мешіт, 10 ғасырдың аяғы). Испания өнерінің дербес қалыптасуы 8 – 9 ғасырлардан басталады.



Испан биі



Фламенко – испандықтардың музыкалық, әндік және билік стильдегі өнері. Ол алғаш Андалуссия қаласында қалыптасқан. Негізінен бұл дәстүрлі өнер сонау заманда арабтардың испандықтарды басып алған кезінде, испан елінде өздерінің шығыс мәдениетінің үлесін қалдырғанын байқаймыз. Фламенконың бірнеше әдіс тәсілі бар. 1 сапатеадо – өкшенің көмегімен билеу тәсілі. 2 қолды ерекше әдіспен қимылдату тәсілі. 3 бүкіл денені қимылға келтіру тәсілі. Бұл би Испанияда көбінесе Пепе Лопес алаңында көрермен назарына көптеп ұсынылады. Ал Каталония қаласында биді басқа ұлттарға үйретеді.

Коррида



Коррида – Испания еліндегі ең ежелгі, әрі әйгілі салт дәстүрлердің бірі. Коррида, бұл бұқалар шайқасы. Испандықтар, сонымен қатар бүкіл әлемнің тәуекелшіл азаматтары бұл жарысты сүйіп тамашалайды. Қазіргі таңда бұл ойын жарысы өте танымал болғандықтан, басқа елдерден туристер осындай таңғажайып ойын жарысты тамашалауға көптеп келеді. Бұқамен шайқасқа түсуші қатысушы адамды- матадор деп атайды. Корриданың қарапайым түрін жүргізгенде 3 матадор 6 бұқамен алаңда шайқасқа түседі. Білікті матадор алаңда жалғыз өзі бұқамен шайқасқа түседі. Егер матадор жеңіске жетсе, онда матадорға бұқаның құлағы мен құйрығы сыйлыққа тартылады. Бұл ғажайып көрініс 1912жылдан бастап Испанияның Мау де Торрес де Лас Вентас алаңында өткізіледі. Алаң неомудехарлық стильде салынған. Онда 20 арена бар. Арена жанында Коррида мұражайы бар. Мұражайда әйел матадор Хуанито Круздың жеке экспонаттарын көруге болады.

Әдебиеті

Испания әдебиеті испан (кастиль) және баск, галисий, каталон тілінде дамыған. Ол орта ғасырларда халық шығармаларының және ежелгі дәуір әдебиеті мен араб мәдениетінің ықпалында қалыптасты. Халық шығармалары араб басқыншылығына қарсы күрес кезінде молая түсті. 12 – 13 ғасырларда серілік романдар пайда болды. 14 ғасырда Испания әдебиетінде Х. Альфонс (1221 – 1284) пен Хуан Мануэльдің (1282 – 1348) дидактикалық насихат бағытындағы шығармалары белгілі орын алды. 15 ғасырдың аяғы мен 16 ғасырдың басында Испания әдебиетінің өрлеу дәуірі басталды. Өрлеу кезеңінің ірі өкілі Ф. де Рохастың (1465 – 1541) “Селестина” романы (1499) Испания әдебиетінде түрлі жанрлардың тууына, театрдың қалыптасуына ықпал жасады. М. де Сервантестің “Дон Кихот” романы (1605 – 15) дүние жүзі әдебиетіне үлес болып қосылды. 18 ғасырда Испания әдебиетіне француз классицизмінің әсері күшейді. Поэзияда ағартушылық бағыт басым болып, мысал жанры дамыды. Бұл кезеңнің өкілдері М.Х. Кинтан (1772 – 1857), Х.Н. Гальегос (1774 – 1853), А.Лист (1775 – 1848) өз шығармаларында еркіндікті жырласа, Ф.Мартинес де ла Роса (1787 – 1862) драмалары испан романтизмінің өркендеуіне жол салды.

1-дүниежүз. соғыстан (1914 – 18) кейін Испания әдебиетінде көптеген ағымдар пайда болып, оның белді өкілі ретінде Ф.Гарсиа Лорка (1898 – 1936) танылды. Испания да монархия құлаған соң (1931) және соғыс жылдары (1936 – 39) әлеум. тақырыпта көптеген шығармалар жазылды. Елде фашизм режим орнауына байланысты көп жазушылар шет елге кетті. Олардың шығармаларында фашизмге қарсы күрес тақырыбы өріс алды. Ал кейбір жазушылар Франко режимін мадақтады. Франко режиміне қарсы шығармалардың мол жазылуы 1950 жылдардан басталды. Поэзияда Д. Алонсоның “Кек перзенттері” атты жинағы (1944), Г.Селайидің “Иберий жырлары” (1955), Б. де Отероның “Сөз Испания туралы” (1964) атты шығармалары жарияланды. Ал прозада 19 ғасырдың сыншыл реализм дәстүрінде жазылған Х.Гойтисолоның “Жұмақтағы мұң” (1955), “Аралдар” (1961), “Ерекше белгі” (1967) романдары мен А.М. Матутенің “Саудагерлер” трилогиясы (1960 – 69) шықты. М. де Сервантестің “[Дон Кихот](#)” романы 1952 жылы қазақ тілінде басылып шықты.




ТІЛДЕР

- Тілі Елдің мемлекеттік тілі- испан(кастиль нұсқасы). Бірақта жеке аймақтарда кастиль тілімен қатар ресми тілдер ретінде және қарым қатынаста каталон, баск(эускера), галисий және валенсий тілдері қолданылады

Испан тілі ресми;
spoken all over the
country
Каталан тілі,
ресми
Баск тілі,
ресми
Галисия тілі, ресми

Aranese,
ресми (Окситан
тілінің диалекті)
Астурия тілі
and **Леон тілі**,
танылған
Арагон тілі,
танылған
Экстремадур тілі,
ресми
емес
Фала тілі, ресми
емес
башпай тілі, ресми
емес
хауинай тілі, ресми емес



Халқы



Испандықтар ұзақ өмір сүреді: мұндағы орташа өмір сүру жасы - 79. Ал әйелдер арасындағы орташа жас - 87. Бұл Еуропа елдеріндегі ең үлкен көрсеткіш. Әрбір испандықтың екі фамилиясы бар: әкесінің және шешесінің.

Ас ішіуге қолайлы уақыт.



Испанияда кешкі ас үшін қалыпты уақыт кешкі сағат 9 бен 10-ның арасы болса, олар сағат таңғы бесте оянады. Бұл уақытта қаладағы барлық кафелер ашық болады, испандықтардың көпшілігі таңертең міндетті түрде кофе ішеді. Мектеп оқушылары, мектеп жасына дейінгі оқушылар түнгі сағат 2-ге дейін қыдырып жүре алады, себебі, күндіз күн қатты ыстық болғандықтан серуендеу мүмкін емес. Түнгі тіршілік өте қызу жүріп жатады: жастар футбол ойнайды, саябақта серуендейді, иттерін серуендетеді және т.б. Испаниядағы күннің ұзақтығы туристерге өте қолайлы. Олар бір күннің ішінде өздері ойлағаннан да көп нәрсені көріп, біліп үлегере алады.

Испандық асхана.



Испандықтар өте эмоционалды келеді, сондықтан олар сөйлесу кезінде бір-біріне өте жақын тұрады және қолдарын ұстасады. Испандықтардың мұндай әрекетіне таңырқап жүрмеңіз.

Испандықтардың ең қызықты дәстүрі - таңғы асты үйден ішпеу. Және де дастархандарында соғыс, коррида, Франсиско Франко диктатордың билік еткен кезеңін айтуға тиым салынған. Жалпы, мейрамханалар мен барлардығы кофеханалардың саны жөнінен Еуропа бойынша бірінші орында тұр. Мұндай мекемелердің саны - 350 мың.

Халық дәмді тағамдарды тоя жегенді қатты ұнатады және тағамды өте сапалы дайындайды. Егер аспазға сый көрсетіп, рақмет айтқыңыз келсе, қосымша тамақ сұраңыз. Испандық асхананың күллі әлемге танымал өкілдері - гаспаччо суық сорпасы, палауға ұқсас келетін паэлья тағамы, тортилья омлеті, тапас тіске басары дер едік. Және этохамон тағамы да үлкен құрметке ие.

Тапас – Андалуссия.



XIV ғасырда пайда болған испандықтардың ұлттық тағамдарының бірі. Тапас «тапа», «крышка» мағынасын білдіреді. Бұл тағам кептірілген ет немесе хоризо шұжығын пісіріп, оның үстіне шарап құйып, әсем тәрелкеге салып сырамен береді. Сонымен қатар соуспен әсемделген картофель бұл тағамның құрамына кіреді. Астың бұл түрі көбіне жақын достар бірге жиналғанда сұранысқа көптеп ие болады.

Испан шарабы.



Шарап (вино) елі болып табылады. Испанияда демалушы туристер үшін испандық жоғары сапалы Торрес шараптарының мына түрлері ұсынылады: қызыл – Сангре де Торо, Гран- Коронас, Гран- Сангре де Торо, Лас- Торрес; ақ – Винья- Соль, Сан- Валентин, Гран Винья Сан, Винья- Эсмеральда.

Жеңіс аркасы.



Кибелла фонтаны.



Пуэрто де Толедо көшесі.



Хуан Карлос саябағы.



Сілтемелер.

1.Алынған

ресурс: <http://www.izden.kz/referattar/turizm-geografiya/184> Ғы

лыми жұмыстар жинағы. © izden.kz

2.<http://massaget.kz/layfstayl/alemтанu/sayahatty-sye min/10942/>

3.kk.wikipedia.org

4.www.google.kz

Назарларыңызға рахмет!!!